

## Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 79 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 4669 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 64 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 30.03.2021 № 64 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы З шілдедегі Конституциялық Заңына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2011 жылғы 18 ақпандағы № 53 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-16-115 тіркелген, 2011 жылдың 28 ақпанында "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ш.Ж. Тасмағамбетовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров

КЕЛІСІЛДІ

Науырзым аудандық

сайлау комиссиясының төрағасы

Д. Кубеев

2014 жылғы "1" сауірдең  
№ 79 қаулысына қосымша  
Әкімдіктің  
2011 жылғы "18" ақпандағы  
№ 53 қаулысына қосымша

## Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру

№	Елді-мекендер	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	2	3
1	Қараменді ауылдық округі	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Докучаев орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта; "Арман" мәдени-демалыс орталығы ғимаратының жаңындағы тақта; "Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
2	Шолақсай ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Шолақсай орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта; "Науырзым ауданы Шолақсай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
3	Қожа ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Науырзым орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта; ауылдық клуб ғимараты жаңындағы тақта.
4	Шилі ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Шилі орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
5	Дәмді ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Дәмді орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
6	Мереке ауылы	Ауылдық клуб ғимараты жаңындағы тақта.
7	Өлеңді ауылы	"Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Өлеңді орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
8	Раздельный ауылы	"Науырзым ауданы Раздельный ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.
9	Буревестник ауылдық округі	"Науырзым ауданы Буревестник ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта; "Науырзым ауданы білім беру бөлімінің "Буревестник орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жаңындағы тақта.